

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі**

2007 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл үшін
шоғырландырылған қаржылық
есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың есебі	
Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс	101
Пайда және зиян туралы шоғырландырылған есеп	102
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	103
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	104-105
Түсіндірме жазба (Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер)	106-158

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасына

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша есеп

Біз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚҰБ») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Ұлттық Банк») 2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік балансынан, пайда және зиян туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен және есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша баяндаудан және басқа да түсіндіру ескертпелерінен тұратын ұсынылып отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Ұлттық Банк басшылығының қаржылық есептілікті дайындауға жауапкершілігі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның шынайылығына жауапкершілікті 2-ескертпеде ұсынылған негізге сәйкес басшылық атқарады. Осы жауапкершілікке мыналар кіреді: теріс ниетті іс-әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жол берілген айтарлықтай бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау және шынайы ұсыну үшін қажетті ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру мен қолдау; тиісті есеп саясатын таңдау және қолдану; жағдайларға катысты негізделген бағалауларды пайдалану.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз біз жүргізген аудит негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру арқылы көрсетіледі. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар қолданылатын этикалық нормаларды сақтауды, сондай-ақ аудитті қаржылық есептілікте елеулі ауытқушылықтардың жоқ екендігі туралы барынша сенімділік беретіндей жоспарлау мен жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржылық есептіліктегі сандық деректер мен ашуларды растайтын аудиторлық дәлелдеулерді алуға бағытталған рәсімді жүргізуден тұрады. Рәсімді таңдау теріс ниетті іс-әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жіберілген елеулі бұрмалаушылықтардың болу тәуекелін бағалауға негізделетін біздің пайымдауымыздың мәні болып табылады. Осы тәуекелді бағалау барысында аудитор бірақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес тиісті аудиторлық рәсімдерді таңдау мақсатында қаржылық есептілікті дайындауды және шынайы ұсынуды қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Сондай-ақ, аудитке бухгалтерлік есептің қолданылған қағидаттарының дұрыстығын және басшылық есептеген бағалау көрсеткіштерінің негізділігін бағалау, сондай-ақ тұтастай алғанда қаржылық есептілікті ұсынуды бағалау кіреді.

Біздің пайымдауымызша, аудит барысында алынған дәлелдемелер осы қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін жеткілікті негіз болып табылады.

Пікір

Біздің пікірімізше, 2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ұсынылып отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі жағдайларға қатысты 2-ескертпеде сипатталған ұсыну негізіне сәйкес шынайы дайындалған.

Бердалина Ж.К.
Сертификаты бар Аудитор
Басқарушы Әріптес

Абибуллаева Э.Ш.
Аудит жөніндегі Әріптес

KPMG Audit ЖШС
Аудит жүргізу құқығына берілген
2006 жылғы 06 желтоқсандағы № 0000021 лицензия

2008 жылғы 14 наурыз

	Ескертпе	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
АКТИВТЕР:			
Шетел валютасындағы ақша қаражаты		20,435,781	457,099
Алтын	4	215,923,786	174,787,997
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	5	828,383,648	798,988,616
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	6	171,937,337	39,309,550
Сату үшін қолда бар инвестициялар	7	973,283,773	1,449,864,042
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	8	1,330,318	233,916
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер	9	25,143,513	13,301,392
Басқа да активтер	10	4,957,225	4,277,811
АКТИВТЕР ЖИЫНТЫҒЫ		2,241,395,381	2,481,220,423
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Айналыстағы ақша	11	859,989,151	687,350,736
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары	12	615,491,788	822,288,006
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары	13	221,127,646	64,917,772
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	14	71,514,981	213,428,455
Кепілдік беру қорларының резервтері	15	9,378,750	11,239,342
Клиенттердің шоттары	16	1,500,776	373,070
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	221,263,582	526,875,224
Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	18	396,999	312,803
Басқа да міндеттемелер	19	2,600,954	2,207,474
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		2,003,264,627	2,328,992,882
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	20	20,000,000	20,000,000
Резервтік капитал	20	48,774,701	11,325,781
Жалпы банктік тәуекелдердің орнын жабуға арналған резерв	20	6,318,703	2,475,856
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві		8,149,461	(5,005,421)
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалау резерві		91,704,290	72,151,710
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві		14,797,693	2,798,868
Бөлінбеген пайда		45,252,865	46,232,917
ҚҰБ МЕНШІК ИЕЛЕРІНЕ ЖАТАТЫН КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ		234,997,713	149,979,711
Азшылық үлесі		3,133,041	2,247,830
КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ		238,130,754	152,227,541
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖӘНЕ КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ			
		2,241,395,381	2,481,220,423
Әлуатті және шартты міндеттемелер	34		

5-62 беттерде берілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2008 жылғы 14 наурызда Басқарма мақұлдаған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының атынан:

Ө. Ф. Сәйденов
Төраға

Н. Т. Шалғымбаева
Бас бухгалтер

	Ескертпе	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Пайыздық кірістер	21	95,962,294	57,859,626
Пайыздық шығыстар	21	(40,370,542)	(17,337,838)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		55,591,752	40,521,788
Комиссиялық кірістер	22	4,370,461	4,493,696
Комиссиялық шығыстар	22	(320,337)	(388,047)
ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС		4,050,124	4,105,649
Сату үшін қолда бар инвестициялармен, шетел валютасымен және алтынмен операциялардан таза іске асырылған (зиян)/кіріс	23	(1,145,355)	4,371,516
Қауымдасқан компаниялардан түскен кіріс	8	96,403	209,716
Басқа кірістер	24	1,622,894	782,511
ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		573,942	5,363,743
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР		60,215,818	49,991,180
Банкноталар мен монеталарды шығару бойынша шығыстар	25	(4,528,817)	(5,690,706)
Басқа ұйымдарды қаржыландыру	26	(2,146,520)	(1,574,881)
Қызметкерлердің жалақысы және басқа төлемдер	27	(6,862,472)	(4,391,056)
Әкімшілік шығыстар	28	(2,886,373)	(2,483,720)
Амортизация және тозу		(1,210,915)	(1,211,316)
Резервті қалпына келтіру (күнсызданудан зиян)	29	2,502	(45,683)
Еншілес ұйымның шығуынан болған зиян	30	(447,532)	-
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР		(18,080,127)	(15,397,362)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		42,135,691	34,593,818
Табыс салығы бойынша шығыстар	31	(1,263,646)	(1,350,483)
ТАЗА ПАЙДА		40,872,045	33,243,335
Мыналарға қатысты:			
ҚҰБ меншік иелеріне		40,289,320	32,611,381
Азшылықтың үлесіне		582,725	631,954
		40,872,045	33,243,335

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің меншік иелеріне қатысты										
Жарғылық капитал	Резервтік капитал	Жалпы банктік тәуекелдерді жабуға арналған резервтер	Сату үшін қолда бар инвестициялардың әділ құнын қайта бағалау резерві	Шетел валютасын және тазартылған қымбат металды қайта бағалау резерві		Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы	Азшылық үлесі	Жарғылық капитал
				Шетел валютасын және тазартылған қымбат металды қайта бағалау резерві	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві					
мың теңге										
2006 жылғы 1 қаңтарға қалдық	20,000,000	4,349,053	1,462,124	(756,939)	50,553,366	2,805,312	21,605,552	100,018,468	1,625,846	101,644,314
Бір жылдағы таза пайда	-	-	-	-	-	-	32,611,381	32,611,381	631,954	33,243,335
Сату үшін қолда бар активтер бойынша іске асырылмаған таза зиян	-	-	-	(5,712,652)	-	-	-	(5,712,652)	(9,970)	(5,722,622)
Сату үшін қолда бар, шығатын кезде пайда және зиян туралы есепке ауыстырылған активтер бойынша іске асырылған таза зиян	-	-	-	1,464,170	-	-	-	1,464,170	-	1,464,170
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан іске асырылмаған таза пайда	-	-	-	-	27,434,030	-	-	27,434,030	-	27,434,030
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан, шығатын кезде пайда және зиян туралы есепке ауыстырылған іске асырылған таза пайда	-	-	-	-	(5,835,686)	-	-	(5,835,686)	-	(5,835,686)
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау	-	-	-	-	-	(6,444)	6,444	-	-	-
Іске асырылған кірістер мен шығыстардың жиынтығы	-	6,976,728	1,013,732	-	-	-	(7,990,460)	-	-	50,583,227
Резервтік капиталды толықтыру	-	6,976,728	1,013,732	-	-	-	(7,990,460)	-	-	-
2006 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	20,000,000	11,325,781	2,475,856	(5,005,421)	72,151,710	2,798,868	46,232,917	149,979,711	2,247,830	152,227,541
Бір жылдағы таза пайда	-	-	-	-	-	-	40,289,320	40,289,320	582,725	40,872,045
Сату үшін қолда бар активтер бойынша іске асырылмаған таза пайда	-	-	-	4,005,635	-	-	-	4,005,635	3,119	4,008,754
Сату үшін қолда бар, шығатын кезде пайда және зиян туралы есепке ауыстырылған активтер бойынша іске асырылған таза зиян	-	-	-	9,149,247	-	-	-	9,149,247	-	9,149,247
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан іске асырылмаған таза пайда	-	-	-	-	27,556,473	-	-	27,556,473	-	27,556,473
Шетел валютасын және тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан, шығатын кезде пайда және зиян туралы есепке ауыстырылған іске асырылған таза пайда	-	-	-	-	(8,003,893)	-	-	(8,003,893)	-	(8,003,893)
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау	-	-	-	-	-	11,998,825	22,395	12,021,220	-	12,021,220
Іске асырылған кірістер мен шығыстардың жиынтығы	-	37,448,920	3,842,847	-	-	-	(41,291,767)	-	-	85,603,846
Резервтік капиталды толықтыру	-	37,448,920	3,842,847	-	-	-	(41,291,767)	-	-	-
Еншілес ұйымның шығуы салдарынан азшылық үлесінің өзгеруі	-	-	-	-	-	-	-	-	(213,404)	(213,404)
Еншілес ұйымның акцияларын шығару	-	-	-	-	-	-	-	-	512,771	512,771
2007 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	20,000,000	48,774,701	6,318,703	8,149,461	91,704,290	14,797,693	45,252,865	234,997,713	3,133,041	238,130,754

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелермен бірге оқылуы тиіс

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Салық салынғанға дейінгі таза пайда	42,135,691	34,593,818
Мыналарды түзету:		
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің тозуын және амортизациясын	1,819,842	1,759,505
Құнсыздануға арналған резервтерді (өтеу)/калыптастыруды	(2,502)	45,683
Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді шығарудан болған зиянды/(кірісті)	39,188	(1,035)
Шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконттың амортизациясын	33,995,353	9,357,820
Сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша дисконттың амортизациясын	(1,852,946)	(18,092,184)
Қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасын	(96,403)	(209,716)
Еншілес ұйымның шығуынан зиянды	447,532	-
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	76,485,755	27,453,891
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы:		
Алтын	(1,359,261)	(8,686,627)
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	(51,015,192)	49,702,363
Кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	(132,627,787)	(400,301)
Сату үшін қолда бар инвестициялар	484,488,549	(744,952,005)
Басқа да активтер	(675,765)	(1,248,863)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы):		
Айналыстағы ақша	172,638,415	229,074,420
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары	(203,790,997)	580,085,034
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	-	(9,631,814)
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары	156,209,874	63,061,445
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	(141,913,474)	164,833,443
Кепілдік беру қорларының резервтері	(1,860,592)	2,606,613
Клиенттердің шоттары	1,127,706	(1,323,284)
Басқа да міндеттемелер	(393,480)	373,127
Операциялық қызметтен түскен салықтар төлегенге дейінгі таза ақша қаражаты	358,100,711	350,947,442
Төленген салықтар	(1,323,157)	(1,277,344)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	356,777,554	349,670,098

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(1,784,340)	(1,683,817)
Негізгі құрал-жабдықтарды сатудан түскен түсім	3,771	253,424
Шыққан еншілес ұйымның ақша қаражатының кетуі	(4,775)	-
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	(1,000,000)	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	(2,785,344)	(1,430,393)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	4,252,056,064	3,827,013,110
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(4,588,887,358)	(3,463,719,777)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	(336,831,294)	363,293,333
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы	17,160,916	711,533,038
Шетел валютасы бағамдарының өзгеруінің ақша қаражатына және оның баламаларына ықпалы	(20,223,196)	(11,511,199)
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	749,831,691	49,809,852
Жыл аяғындағы ақша қаражаты және оның баламалары (37-ескертпе)	746,769,411	749,831,691

2007 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде ҚҰБ төлеген және алған пайыздар сомасы тиісінше 38,980,000 мың теңге және 94,604,670 мың теңге болды.

2006 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде ҚҰБ төлеген және алған пайыздар сомасы тиісінше 16,772,212 мың теңге және 57,938,353 мың теңге болды.

1. Ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚҰБ») Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 13 сәуірдегі № 2134-ХІІ Қаулысына сәйкес құрылған болатын. Осы Қаулыға сәйкес Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып қайта аталды.

ҚҰБ негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі мақсатты іске асыру үшін ҚҰБ мынадай міндеттер жүктеледі: мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру; қаржы жүйесі тұрақтылығының қамтамасыз етілуіне ықпал ету. ҚҰБ ақша базасы мен резервтерін басқару арқылы ақша және кредит саясатын жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің және басқа да мемлекеттік басқару органдарының банкі, қаржы консультанты мен агенті ретінде болады.

ҚҰБ-нің бас офисі мына мекен-жай бойынша тіркелген: Алматы қаласы, 050090, Көктем-3 шағын ауданы, 21. ҚҰБ-нің Қазақстанда орналасқан 17 филиалы және 9 еншілес ұйымы бар.

2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша еншілес ұйымдар (бұдан әрі ҚҰБ және оның еншілес ұйымдары бірге – Ұлттық Банк) мынадай компанияларды білдіріп, ҚҰБ-нің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шоғырландырылды:

Ұйымның атауы	Құрылған жылы	Негізгі қызметі	Иелену үлесі	
			2007 ж. %	2006 ж. %
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Теңге Сарайы» РМК	1994	Монеталар шығару	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Банкаралық Есеп айырысу Орталығы» РМК	1996	Электрондық ақша аударымдары	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік Сервис Бюросы» РМК	1996	Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету	100.0	100.0
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ	1999	Жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру	100.0	100.0
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ	2003	Сақтандырылған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» РМК	2004	Банкноталар шығару	100.0	100.0
«ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	1997	Зейнетақы жарналарын жинау және оларды инвестициялау	57.6	64.0
«Қазақстан актуарлық орталығы» АҚ	2002	Қазақстан Республикасында актуарлық қызметті дамыту	100.0	100.0
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Q-BRO» резервтік орталығы» АҚ	2007	ҚҰБ АТ жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету	100.0	-
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы» РМК	2005	Автокөлік қызметі. Мүлікті басқару бойынша шаруашылық қызметті жүзеге асыру.	-	100.0
«Ұлттық Процессинг орталығы» АҚ	2000	Төлем карточкаларымен операцияларды өңдеу	-	66.9

1. Ұйымдастыру, жалғасы

2007 жылғы 31 мамырда ҚҰБ төленген жарғылық капиталы 5,500,000 мың теңге мөлшерінде жарғылық капиталы бар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Q-BRO» резервтік орталығы» акционерлік қоғамын құрды.

2007 жылғы маусымда «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ жарғылық капиталын 55,000 мың теңге сомаға ұлғайтты, сомасы 512,771 мың теңге болатын акцияларын жаңа акционері Еуропа Қайта құру және Даму Банкі сатып алды.

2007 жылғы қаңтарда ҚҰБ құрылымындағы өзгерістердің салдарынан және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 қыркүйектегі № 177 Жарлығын іске асыру мақсатында және «Ұлттық Банк туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚҰБ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын осы еншілес ұйымның таза активтерін ҚҰБ балансына аудару арқылы таратып, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығын» жаңа филиалды құрды.

2007 жылғы қазанда «Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық одан әрі дамуы жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 311 Жарлығын іске асыру мақсатында Ұлттық Банк «Ұлттық Процессинг орталығы» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі акцияларының пакетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне республиканың меншігіне өтеусіз берді (30-ескертпе).

Ұлттық Банк қызметкерлерінің орташа алғандағы тізімдік саны 2007 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдары тиісінше, 3,405 және 3,417 адам болды, ал қызметкерлерінің жалпы саны 2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тиісінше, 3,429 және 3,055 адам болды.

(а) Қазақстандағы экономикалық жағдайлар

Қазақстандағы экономикалық ахуалды халықаралық рейтингтік агенттіктер бағалады.

2007 жылы «Standard&Poors» агенттігі ұзақ мерзімді валюталық рейтингті «BBB-»-ге дейін («BBB»-ден) және ұлттық валютадағы қарыз алудың ұзақ мерзімді рейтингін «BBB»-ге дейін («BBB+»-ден) түсірді. Ұлттық және шетел валютасындағы қарыз алудың қысқа мерзімді рейтингі де «А-3»-ге дейін («А-2»-ден) дейін төмендетілді және шетел валютасындағы өзгеріссіз қалып, «А-3» деңгейінде бекітілді. Болжам «тұрақты». 2007 жылы «Moody's Investors Service» агенттігі Қазақстанның шетел валютасындағы ұзақ мерзімді облигациялары бойынша рейтингті «Baа2» деңгейінде, Қазақстанның ұлттық валютадағы борыштық міндеттемелері бойынша «А2» дейгейінде бекітілді. 2007 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолты рейтингтері ("ЭДР") бойынша болжамы "тұрақтыдан" "теріске" өзгерді. Бұл ретте Қазақстанның шетелдік және ұлттық валютадағы ЭДР тиісінше "BBB" және "BBB+" деңгейлерде расталды. Сондай-ақ «Fitch Ratings» ел бойынша ең жоғары рейтингті "BBB+" деңгейде және шетел валютасындағы қысқа мерзімді рейтингті "F3" растады.

ҚҰБ қызметі Қазақстандағы бизнесті жүргізуге тән экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырауға бейім. Мұндай тәуекелдерге үкімет саясатының, экономикалық жағдайлардың, салық және құқықтық салалардағы өзгерістердің, валюталар бағамдарының ауытқушылықтары мен келісім-шарт құқықтарының жүзеге асырылуы кіреді.

1. Ұйымдастыру, жалғасы

Қазақстандағы экономикалық жағдайлар, жалғасы

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Қазақстандағы экономикалық жағдайлардың Ұлттық Банктің қызметіне және қаржылық жағдайына ықпалының басшылық жүргізген бағалаудың нәтижесін көрсетеді. Болашақ экономикалық жағдайлардың басшылық бағасынан басқаша болуы мүмкін.

2. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаудың қағидаттары

(а) Бухгалтерлік есептің негізгі қағидаттары

Ұлттық Банктің осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі төменде сипатталған жекелеген модификациялармен Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды:

Алтын нарықтық құн бойынша есепке алынады. Алтынды, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістер тікелей капитал құрамында көрсетіледі. Қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстар капитал құрамында танылған қайта бағалаудан бұрын жинақталған іске асырылмаған кірістерден асатын соманың шегіндегі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(б) Ұсыну негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік әділ құны бойынша ескерілген сату үшін қолда бар алтынды, инвестицияларды, өзгеруі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын, сондай-ақ кезең-кезеңімен қайта бағаланатын негізгі құрал-жабдықтарды қоспағанда, есептеу әдісі мен «тарихи құн» қағидатының негізінде дайындалды.

(в) Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі - «теңге») болып табылады. Ұлттық Банк басшылығы теңгені функционалдық валюта ретінде айқындады, себебі қазақстандық теңге Банк жүргізетін операциялардың экономикалық маңызын және оның қызметіне әсер ететін жағдайларды көрсетеді. Қазақстандық теңге сонымен қатар осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы да болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері, егер басқаша көрсетілмесе, бүтін мың теңгеге дейін дәл дөңгелектенген.

(г) Бағалаулар мен пайымдауларды пайдалану

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау күніндегі активтер мен міндеттемелердің есептік сомасына және шартты активтер мен міндеттемелерді ашуға, сондай-ақ есепті кезеңдегі кірістер мен шығыстардың есеп беру сомасына ықпал ететін есепке алу бағаларын және болжамдарды қалыптастыруды талап етеді. Мұндай бағалаулар ағымдағы оқиғалар мен іс-әрекеттерді басшылықтың түсінуіне негізделгенмен, нақты сомалардың осындай бағалаулар мен болжамдардан айырмашылығы болуы мүмкін. Басшылықтың ойынша, шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде бағалаулар мен пайымдауларды пайдалану талап етілетін шиеленісті мәселелер болған жоқ.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде есеп саясатының мынадай негізгі қағидаттары қолданылады. Бұл қағидаттар жүйелі түрде қолданылды. Есеп саясатының өзгерістері осы Ескертпенің соңында сипатталған.

(a) Шоғырландыру қағидаттары, жалғасы

(i) Еншілес ұйымдар

Ұлттық Банктің бақылауында болатын ұйымдар еншілес болып табылады. Бақылау Ұлттық Банкте компанияның қаржылық және операциялық саясатына тікелей немесе жанама түрде басқаруға өкілеттігінің болуымен айқындалады. Еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі көрсетілген бақылау нақты белгіленген күннен бастап оның нақты тоқтатылған күніне дейінгі шоғырландырылған қаржылық есептілікті қамтиды.

(ii) Қауымдасқан компаниялар

Қаржылық және операциялық қызметтеріне бақылау емес, айтарлықтай ықпалы болатын компаниялар Ұлттық Банктің қауымдасқан компаниялары болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке көрсетілген айтарлықтай ықпал нақты белгіленген күннен бастап ол нақты тоқтатылған күнге дейінгі үлестік қатысу әдісі бойынша есептелген қауымдасқан компаниялардың жинақталып танылған пайдалары мен зияндарындағы Ұлттық Банктің үлесі туралы деректер кіргізіледі. Қауымдасқан компанияның зияндарындағы Ұлттық Банктің үлесі тәуелді компаниядағы Ұлттық Банктің қатысу үлесінен асып кеткен жағдайларда мұндай қатысу үлесі нөлге дейін төмендейді және Ұлттық Банкте осы қауымдасқан компанияларға қатысты міндеттемелері болған жағдайларды қоспағанда, кейінгі зияндарды көрсету тоқтатылады.

(iii) Шоғырландыру кезінде алынып тасталатын операциялар

Топ ішіндегі барлық шоттар мен операциялар, сондай-ақ топ ішіндегі операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде алынып тасталады. Қауымдасқан және бірлесе бақыланатын компаниялармен операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер компанияға Ұлттық Банктің қатысу үлесі шегінде алынып тасталады. Қауымдасқан компаниялармен операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер қауымдасқан компанияларға инвестициялар есебінен алынып тасталады. Іске асырылмаған зияндар да құнсыздану белгілері жоқ көлемде ғана алынып тасталатын жағдайды қоспағанда, іске асырылмаған кірістердегі сияқты алынып тасталады.

(iv) Азшылық үлесі

Азшылық үлесі – бұл еншілес ұйымның пайдасының немесе зиянының және таза активтерінің ҚҰБ тікелей немесе еншілес компаниялары арқылы жанама түрде иеленбейтін капиталындағы үлесіне тиетін бөлігі.

Азшылық үлесі шоғырландырылған бухгалтерлік баланстың капитал бабында, Ұлттық Банктің меншік иелеріне жататын капиталдан бөлек ұсынылады. Ұлттық Банктің кірістері мен шығыстарындағы азшылық үлесі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есептілікте, капиталдағы өзгерістер туралы есепте бөлек көрсетіледі.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(б) Алтын және шетел валютасы

(i) Алтын

Тазартылған алтын шоғырландырылған қаржылық есептілікте шоғырландырылған қаржылық есептілік дайындалған күнгі нарықтық құны бойынша көрсетіледі. Нарықтық құн Лондон Қымбат Металдар Нарығы Қауымдастығының (бұдан әрі - “ЛҚМНҚ) таңертеңгі фиксингі негізінде белгіленеді.

(ii) Шетел валютасы

Шетел валюталарымен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілік жасалған күнгі тиісті айырбас бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операциялар операция жүргізілген күнгі қолданылатын бағам бойынша көрсетіледі.

(iii) Алтыннан және шетел валютасынан түскен кірістер мен зияндар

Алтынмен және шетел валютасымен операциялардан іске асырылмаған кірістер мен зияндар пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген алтынның, сондай-ақ активтер мен міндеттемелердің нарықтық құны бойынша қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістер тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі. Қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстар капитал құрамында танылған қайта бағалаудан іске асырылмаған бұрын жинақталған кірістерден асатын сома шегінде пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Төменде алтынның жыл аяғындағы Ұлттық Банктің қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары келтірілген:

	2007 ж.	2006 ж.
Теңге / АҚШ доллары	120.30	127.00
Теңге / Еуро	177.17	167.12
Теңге / Ағылшын фунт стерлингі	240.14	249.01
Теңге / жапон йені (10/1)	10.71	10.68
АҚШ доллары / Алтын (1 троя унциясы)	828.50	635.70
Теңге / Қарыз алудың арнайы құқықтары (ҚАҚ)	189.89	190.90

(в) Қаржы активтері мен міндеттемелері

(i) Қаржы құралдарын жіктеу

Өзгеруі кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрінетін *әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары* мынадай қаржы активтері мен міндеттемелерінен тұрады:

- негізінен жақын арада сату немесе сатып алу мақсатында сатып алынатын немесе туындайтын;

- бірлесіп басқарылатын, сәйкестендірілетін қаржы құралдары портфелінің бір бөлігі болып табылатын және олар бойынша өткен уақытта қысқа мерзімдегі болашақта пайда алу туралы дәлелдеме бар;

3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы активтері мен міндеттемелері, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын жіктеу, жіктеу

- туынды болып табылатын (хеджирлеу құралдары ретінде құрылған немесе нақты пайдаланылатын туынды қаржы құралдарын есептемегенде); не

- Ұлттық Банктің бастапқы тану сәтінде өзгеруі кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа айқындалған.

Ұлттық Банк қаржы активтерін және міндеттемелерді, егер төменде көрсетілген шарттардың бірі орындалса, өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа айқындайды:

- қаржы активтерін және міндеттемелерді басқару және оларды бағалау әділ құн негізінде жүзеге асырылады;

- мұндай тәсіл бухгалтерлік есептегі басқаша көріністе болуы мүмкін сәйкессіздіктердің әсерін толықтай немесе айтарлықтай жояды; немесе

- активте немесе міндеттемеде ақша қаражаты ағынын айтарлықтай өзгертетін олар болмаған кезде шарт бойынша талап етілуі мүмкін кіріктірілген туынды қаржы құралдары болады.

Саудаға арналған оң әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары шоғырландырылған қаржылық есепте активтер ретінде көрсетілген. Саудаға арналған теріс әділ құны бар барлық туынды қаржы құралдары шоғырландырылған қаржылық есепте міндеттеме ретінде көрсетілген.

Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелер бастапқы танудан кейін қайта жіктелмейді.

Кредиттер және дебиторлық берешек мыналарды қоспағанда, белгіленген немесе белгілі бір төлемдері бар, белсенді жұмыс істейтін нарықта баға белгіленбейтін туынды емес қаржы активтерін білдіреді:

- Ұлттық Банк кешіктірмей немесе ең жақын болашақта сатуға ниеттенетін;

- Ұлттық Банк бастапқы тану сәтінде өзгеруі кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа айқындайды;

- Ұлттық Банк бастапқы тану сәтінде сату үшін қолда бар санатына айқындайды; не

- олар бойынша Ұлттық Банк кредитті құнсыздандырудан басқа себептер бойынша бастапқы жүзеге асырылған барлық инвестицияларды өтемеуі мүмкін.

Сату үшін қолда бар қаржы активтері, сату үшін қолда бар немесе кредиттерді және дебиторлық берешекті, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды немесе өзгерісі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын айқындауға жатпайтын сол қаржы активтерін білдіреді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы активтері мен міндеттемелері, жалғасы

(ii) Шоғырландырылған қаржылық есепте қаржы құралдарын тану

Ұлттық Банк мәні көрсетілген қаржы құралдары болып табылатын шарт бойынша қарым-қатынастарға кіргенде қаржы активтері мен міндеттемелер баланста көрсетіледі. Қаржы активтерін стандартты сатып алудың барлық жағдайлары есеп айырысуды жүзеге асыру күнгі шоғырландырылған қаржылық есепте көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Қаржы активі немесе міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша есептеледі, плюс әділ құн бойынша бағаланбайтын өзгерістер кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін қаржы активі немесе міндеттемелер жағдайында қаржы активін немесе міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәмілелер бойынша шығындар.

Активтер болып табылатын туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржы активтерін бастапқы танудан кейін мыналарды қоспағанда, сату немесе өзге де шығару нәтижесінде мәмілелер бойынша келтірілуі мүмкін шығынды шегерместен олардың әділ құны бойынша бағаланады.

- тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттер және дебиторлық берешектер;

- белсенді жұмыс істейтін нарықта нарықтық баға белгілеуі жоқ және әділ құнын жеткілікті дәрежеде сеніммен айқындауға болмайтын үлестік құралдарға инвестициялар. Мұндай құралдар шоғырландырылған қаржылық есепте нақты шығындар бойынша көрсетіледі.

Өзгерістер кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерін және әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активін аудару кезінде туындаған қаржы міндеттемелерін қоспағанда, барлық қаржы міндеттемелері тануды тоқтату критерийлеріне жауап бермейді, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып есептелген өтеуге жататын кірістілікті негізге ала отырып айқындалады. Сыйақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығын сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып амортизацияланады.

Егер жалпыға ортақ қол жетімді нарық деректеріне негізделген баға активтің немесе міндеттеменің әділ құнының бастапқы тану сомасына қатысы бойынша ұлғаюды немесе азаюды білдірсе, осындай ұлғаюдан/азаюдан болған пайда немесе зиян тікелей пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте танылады. Бастапқы пайданың немесе бастапқы зиянның шамасы жалпыға ортақ қол жетімді нарықтық деректер ғана пайдаланыла отырып бағаланбаса, онда мұндай пайданың немесе мұндай зиянның шамасы болашақ кезеңдердің кірістері немесе шығыстары құрамында танылады және активтің немесе міндеттеменің шамасы барлық қолданылу мерзімі ішінде таңдап алынған әдіске сәйкес амортизацияланады немесе жалпыға ортақ қол жетімді нарықтық деректер пайда болған сәтте немесе осы активті немесе осы міндеттемені шығару сәтінде танылады.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(v) Қаржы активтері мен міндеттемелері, жалғасы

(iv) Әділ құн бойынша бағалау қағидаты

Қаржы құралдарының әділ құны мәмілелер бойынша қандай да болмасын шегерімсіз есепті күнгі жай-күйі бойынша олардың нарықтық баға белгілеуі негізінде айқындалады. Қаржы құралдарының нарықтық баға белгілеуін алу мүмкін болмаған жағдайда әділ құн баға модельдерін немесе ақша қаражаты ағындарын дисконттау әдісін пайдалана отырып айқындалады.

Ақша қаражаты ағындарын дисконттау әдістерін пайдаланған жағдайда ақша қаражатының болашақтағы болжамды ағындары Ұлттық Банк басшылығының неғұрлым ықтимал болжамы негізінде айқындалады, ал дисконттау ставкасы ретінде осындай талаптармен қаржы құралдары бойынша есепті күнгі жағдай бойынша нарықтық ставка пайдаланылады. Баға модельдері пайдаланылған жағдайда бастапқы деректер есепті күнгі жағдай бойынша нарықтық көрсеткіштер негізінде айқындалады.

Биржада айналыста болмайтын туынды қаржы құралдарының әділ құны нарық талаптарын және мәміле бойынша қарсы әріптестердің кредит қабілеттілігін ескере отырып есепті күнгі жағдай бойынша шартты бұзған кезде Ұлттық Банк алуы немесе төлеуі ықтимал сома ретінде айқындалады.

(v) Кейінгі бағалау кезінде туындайтын пайда және зиян

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құны өзгерген кезде туындайтын пайда немесе зиян мынадай түрде көрсетіледі:

- әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жіктелген, өзгеруі кезең ішіндегі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін қаржы құралы бойынша пайда немесе зиян пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі;

- сату үшін қолда бар қаржы активі бойынша пайда немесе зиян активті тану тоқтатылған сәтке дейін бұрын капитал құрамында көрсетілген жинақталған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есептің тиісті баптарында бір мезгілде көрсете отырып, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте тікелей капитал құрамында көрсетіледі (шетел валютасындағы қалдықтарды қайта санаудан құнсызданудан және пайда немесе зияннан болған зияндарды қоспағанда). Сату үшін қолда бар қаржы активі бойынша пайыз пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте пайда болған кезде көрсетіледі және тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері немесе міндеттемелері бойынша пайда немесе зиян қаржы активін немесе міндеттемені тану немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайда немесе зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(vi) Тануды тоқтату

Ұлттық Банк қаржы активін тануды актив бойынша ақша қаражатын алу жөніндегі талап тоқтатылған немесе қаржы активіне меншік құқығынан туындайтын барлық маңызды тәуекелдер мен пайданы аударған сәтте тоқтатады. Аудару кезінде туындаған немесе сақталған кез келген құқықтар мен міндеттемелер активтер немесе міндеттеме түрінде жеке көрсетіледі. Қаржы міндеттемелерін тану олардың орындалу уақытынан бастап тоқтатылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы активтері және міндеттемелері, жалғасы

(vi) Тануды тоқтату, жалғасы

(vii) Қаржы активтерін және міндеттемелерді өзара есепке алу

Ұлттық Банктің қаржы активі және міндеттемелері өзара есепке алынады және егер бұл үшін заңды негіздеме болған және тараптардың берешекті өзара есепке алу арқылы реттеу ниеті болған немесе активтерді іске асыру және бір мезгілде міндеттемені орындау ниеті болған жағдайда шоғырландырылған баланста көрсетіледі.

(viii) РЕПО және кері РЕПО мәмілелері

Сату туралы келісім шеңберінде және кері сатып алу міндеттемесімен («РЕПО» мәмілесі) сатылған бағалы қағаздар бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздарды шоғырландырылған баланста көрсету жалғасады, ал қарсы әріптестер алдындағы міндеттеме «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек» ретінде бапқа енгізіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық шығысты білдіреді және тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып «кері РЕПО» мәмілесін қолдану кезеңіндегі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімнің шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар («кері РЕПО» мәмілесі) «Кері РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық берешек» бабы бойынша көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып «кері РЕПО» мәмілесін қолдану кезеңіндегі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Егер кері сату міндеттемесімен сатып алу шарты бойынша сатып алынған активтер үшінші тараптарға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ күн бойынша бағаланады.

(x) Айналыстағы ақша

Айналыстағы ақша олардың номиналдық құны бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік баланста көрсетіледі.

Айналыстағы ақшаны ҚҰБ екінші деңгейдегі банктерге берген кезде міндеттеме ретінде есепке алынады. Резервтік қордағы банкноталар мен монеталар айналыстағы ақша құрамына кіргізілген жоқ.

Банкноталар мен монеталарды айналысқа шығару бойынша шығыстарға күзет, тасымалдау, сақтандыру жөніндегі және басқа шығыстар кіреді. Банкноталар мен монеталарды айналысқа шығару бойынша шығыстар оларды резервтік қорға есептелуіне орай танылады және кезеңіндегі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте бөлек бапта көрсетіледі.

(xi) Кепілдік беру қорларының резервтері

Кепілдік беру қорларының резервтері екінші деңгейдегі банктер және сақтандыру компаниялары – кепілдік беру жүйесіне қатысушылар жүзеге асыратын есептелген міндетті төлемдер мөлшерінде көрсетіледі.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(г) Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер

(i) *Меншікті активтер*

Негізгі құрал-жабдықтар жинақталған амортизация және құнсызданудан болған зиян шегеріле отырып қайта бағаланған құны бойынша ескеріледі.

(ii) *Қайта бағалау*

Ұлттық Банкке тиесілі негізгі құрал-жабдықтар тұрақты негізде қайта бағалануға жатады. Қайта бағалауды жүргізудің кезеңділігі қайта бағалауға жататын негізгі құрал-жабдықтардың әділ құнының өзгеруіне тәуелді. Негізгі құрал-жабдықтар құнының қайта бағалау нәтижесінде өсуі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген аталған негізгі құрал-жабдықтардың құнын қайта бағалау нәтижесінде бұрынғы азаюдың орны толтырылған жағдайды қоспағанда, капиталдың құрамында тікелей көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Негізгі құрал-жабдықтар құнының қайта бағалау нәтижесінде азаюы капиталдың құрамында тікелей көрсетілген аталған объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы өсудің орны толтырылған жағдайды қоспағанда, пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Бұл ретте қайта бағалау нәтижесі капиталдың құрамында тікелей көрсетіледі.

(iii) *Амортизация*

Негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизация оларды пайдалы қолданудың болжамды мерзімі ішінде тозуды тепе-тең есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда мен зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Банкноталар мен монеталарды шығаруда пайдаланылатын негізгі құрал-жабдықтар бойынша тозу есепті кезеңде банкноталар мен монеталарды шығару бойынша шығыстардың құрамына кіргізіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен тұрғызылған негізгі құрал-жабдықтар объектілері үшін объектінің құрылысы аяқталған және ол пайдалануға дайын болған сәтінен бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша амортизация есептелмейді. Негізгі құрал-жабдықтардың әр түрлі объектілерін пайдалы қолданудың мерзімдері төменде келтірілген.

Үйлер және ғимараттар	5 - 40 жыл;
Жабдық	1 - 10 жыл;
Құрылыстар және керек-жарақ	1 - 25 жыл;
Көлік құралдары	5 - 10 жыл;
Материалдық емес активтер	1 - 3 жыл.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(д) Активтердің құнсыздануы

(i) Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері негізінен кредиттерден және басқа дебиторлық берешектерден тұрады. Ұлттық Банк болуы мүмкін құнсыздануды айқындау мақсатында кредиттерге және дебиторлық берешектерге тұрақты түрде бағалау жүргізеді. Кредит және дебиторлық берешек құнсызданады және құнсызданудан болған зиян кредитті немесе дебиторлық берешекті бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелдемесі болған кезде ғана және көрсетілген оқиға (немесе оқиғалар) жеткілікті дәрежеде сенімді бағалау мүмкін болатын кредит бойынша ақша қаражатының болжанатын болашақтағы ағынына ықпалы болған жағдайда орын алады.

Қаржы активтері құнсыздануының объективті дәлелдемесіне міндеттемелерді (дефолтты) орындамау немесе төлемдерді заемшы жол берген кешіктіру, заемшының шарт бойынша міндеттемелерін немесе шарттың талаптарын бұзуы, кредитті немесе авансты Ұлттық Банк кез келген басқа жағдайда қарамайтын қайта құрылымдау, заемшының немесе эмитенттің ықтимал банкроттық белгілері, бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жойылуы, активтер тобына жатқызылатын қамтамасыз ету құнының немесе басқа да қадағалау деректерінің азаюы, топқа кіретін заемшылардың төлем қабілетінің нашарлауы немесе көрсетілген топқа кіретін заемшылардың міндеттемелерін (дефолтты) орындамауымен түзетілетін экономикалық жағдайлардың өзгеруі.

Ұлттық Банк бастапқыда құнсызданудың объективті дәлелдемелерінің болуын өз алдына айтарлықтай болып табылатын кредиттер және дебиторлық берешек бойынша жеке-жеке және өз алдына айтарлықтай болып табылмайтын кредиттер мен берешектер бойынша жеке-жеке немесе ұжымдық түрде бағалайды. Егер Ұлттық Банк жеке-жеке бағаланатын кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудың объективті дәлелдемелерінің жоқ екенін, айтарлықтай немесе жоқ екенін айқындаса, кредит ұқсас сипаттағы кредит тәуекелі бар кредиттер және дебиторлық берешектер тобына кіргізіледі және құнсыздану көрсеткішіне ұжымдық бағаланады. Құнсыздануға жеке-жеке бағаланатын, олар бойынша құнсызданудан пайда болатын немесе зиянның болуы жалғасатын зиян кредиттер және дебиторлық берешек құнсыздану мәніне ұжымдық бағалауға кіргізілмейді.

Кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан зиян шегудің объективті дәлелдемесі болған жағдайда зиян сомасы кредиттік немесе дебиторлық берешектің баланстық құны мен кредит немесе дебиторлық берешек бойынша тиімді пайыздық ставканы пайдалана отырып дисконтталған өтелетін кепілдік және қамтамасыз ету құнын қоса алғанда, болашақта болжанатын ақша қаражаты ағымдағы сәтке келтірілген құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді. Ақша қаражатының ағыны жасалған шарттардың талаптарына және ағымдағы экономикалық жағдайды көрсететін қолда бар тиісті ақпарат негізінде түзетілген зиян шегудің тарихи тәжірибесіне сәйкес ақша қаражатының болжамды ағынын айқындау үшін негіз болып табылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(д) Активтердің құнсыздануы, жалғасы

(i) Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері, жалғасы

Бірқатар жағдайларда кредит немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болған зиян сомасын айқындау үшін қажетті қолда бар ақпарат шектеулі болуы немесе ағымдағы талаптарға және жағдайларға сәйкес келмеуі мүмкін. Мұндай жағдай заемшы қаржы қиындықтарын бастан кешіргенде, ал осындай заемшыларға қатысты қол жетерлік ақпарат көлемі шектеулі болғанда орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Ұлттық Банк құнсызданудан болған зиян сомасын айқындау үшін өз тәжірибесін және пайымдауларын пайдаланады.

Кредиттерді және дебиторлық берешектерді құнсыздандырудан болған барлық берешектер пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі және егер өтелетін құнның кейіннен өсуі құнсызданудан болған зияндарды танығаннан кейін болған оқиғаға объективті байланысты болуы мүмкін жағдайда ғана қалпына келтіруге жатқызылады.

Егер кредит бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, кредитті құнсыздандыруға арналған тиісті резервтер есебінен есептен шығарылады. Мұндай кредиттер (және кредитті құнсыздандыруға арналған кез келген тиісті резервтер) Ұлттық Банк басшылығы кредит бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін еместігін айқындағаннан және кредит бойынша берешекті өндіріп алу жөніндегі барлық қажетті рәсімдер аяқталғаннан кейін есептен шығарылады.

(ii) Нақты шығындар бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Нақты шығындар бойынша көрсетілетін қаржы активтеріне сату үшін қолда бар активтердің құрамына кіргізілген баға белгіленбейтін үлестік құралдар кіреді, олардың әділ құнын жеткілікті дәрежеде сенімді айқындау мүмкін болмағандықтан әділ құны бойынша көрсетілмейді. Осындай инвестициялардың құнсыздануы объективті болған жағдайда құнсызданудан болған зиян инвестициялардың баланстық құны мен осындай қаржы активтері бойынша пайданың нарықтағы ағымдағы нормасын пайдалана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақта болжанатын ағынының ағымдағы сәтке сәйкес келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Көрсетілген инвестицияларды құнсыздандырудан болған барлық зияндар пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі және қалпына келтіруге жатпайды.

(iii) Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салықтардан өзге басқа да қаржылық емес активтер әрбір есептік күнгі жай-күйі бойынша құнсыздану белгілерінің болуына бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату бойынша шығыстарды және пайдаланудан құндылықтарды шегергендегі әділ құнынан неғұрлым үлкен шама болып табылады. Пайдаланудан құндылықтарды айқындау кезінде ақша қаражатының болжанатын болашақ ағындары салық салынғанға дейінгі дисконттау ставкаларын пайдалана отырып ағымдағы кезге сәйкестендірілген олардың құнына дисконтталады, ол ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды және осы активке тән тәуекелді көрсетеді. Ақша қаражаты ағыны басым болмайтын, басқа активтермен басым болатын белгілі бір дәрежеде ақша қаражатынан тәуелді емес актив үшін өтеу құны актив жатқызылатын ақша қаражаты басым активке немесе активтер тобы бойынша айқындалады. Құнсызданудан болған зиян ақша қаражатынан басым активтің немесе активтер тобының қалпына келтірілген баланстық құны оның өтелетін құнынан артық болған кезде танылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(д) Активтердің құнсыздануы, жалғасы

(iii) Қаржылық емес активтер, жалғасы

Қаржылық емес активтерді құнсыздандырудан болған барлық зияндар пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі және өтелетін құнды айқындау кезінде пайдаланылатын бағада өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады. Активті құнсыздандырудан болған кез келген зиян, егер құнсызданудан болған зиян шоғырландырылған қаржылық есепте көрсетілмегенде қалыптасатын осындай баланстық құннан (амортизацияны және тозуды шегеріп тастағанда) аспайтын мөлшерде қалпына келтіруге жатады.

(е) Салық салу

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ корпоративтік табыс салығын және қосымша құн салығын төлеуден босатылған.

Ұлттық Банктің еншілес және қауымдасқан ұйымдары табыс салығын төлеушілер болып табылады.

Пайдаға салынатын салық сомасына бір жылғы ағымдағы салық сомасы және мерзімі кейінге қалдырылған салық сомасы кіреді. Пайдаға салынатын салық тиісінше капитал құрамында көрсетілетін тікелей капитал шоттарындағы операцияларға жататын соманы қоспағанда, толығымен пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Пайдаға салынатын ағымдағы салық қолданылып жүрген немесе есепті күнгі жағдай бойынша негізінен қолданысқа енгізілген пайға салынатын ставкаларды, сондай-ақ алдыңғы есепті кезеңдердегі пайдаға салынған салық сомасын түзету нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасын ескере отырып есепті кезеңдегі салық салынатын пайданың салық салынатын болжамды мөлшеріне қарай есептеледі.

Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген деректер мен салық салынатын базаны есептеу үшін пайдаланылатын деректер арасындағы барлық уақытша айырмаларға пайдаланылатын баланстық міндеттемелер әдісі қолданыла отырып көрсетіледі. Мынадай уақытша айырмалар кейінге қалдырылған салықты есептеу кезінде ескерілмейді: салық салынатын базаны азайтпайтын, шоғырландырылған қаржылық есептілікте гудвилді көрсетуге байланысты айырма; бастапқы көрсету фактісі бухгалтерлік те, салық салынатын пайдаға да әсер етпейтін активтер мен міндеттемелерге қатысты айырмалар; сондай-ақ бас компанияның көрсетілген айырмаларды іске асыру уақытын бақылауға мүмкіндігі болған жағдайда және осы уақытша айырмалар іске асырылмайтыны немесе жақын уақытта өтелмейтініне сенімділік болған жағдайда еншілес және қауымдасқан компанияларға инвестицияларға байланысты айырмалар. Кейінге қалдырылған салық мөлшері есепті күнгі жағдай бойынша қолданылатын пайдаға салынатын салық бойынша ставкаларды пайдалана отырып өз активтерінің немесе міндеттемелерінің баланстық құнын іске асыру немесе өтеу болжанатын тәсілге байланысты айқындалады.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық бойынша талаптар болашақта уақытша айырмаларды, салықтар бойынша қабылданбаған шығыстарды және пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда алыну ықтималдығы болатын шамада көрсетіледі. Мерзімі кейінге қалдырылған салық бойынша талаптар мөлшері салық талаптарын іске асырудан тиісті пайда алынатын ықтималдықтың болмауы дәрежесіне азайтылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(ж) Шоғырландырылған қаржылық есепте пайыздық кірістерді және пайыздық шығыстарды тану

Пайыздық кірістер және пайыздық шығыстар пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі және тиімді пайыздық ставка әдісі бойынша есептеледі. Пайыздық кірістер мен шығыстарға дисконт немесе сыйлықақы амортизациясы немесе тиімді сыйақы ставка әдісі бойынша есептелген қаржы құралының бастапқы танылған құны мен оның өтеу күнгі құны арасындағы айырма кіреді. Комиссия және басқа кірістер/шығыстар тиісті қызметті көрсету/алу күні танылады.

(з) Зейнетақымен қамсыздандыру

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінен басқа зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі жоқ. Ұлттық Банк қызметкерлердің зейнетақы жарналарын заңнамада белгіленген мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорына аударады. Ұлттық Банк жарналарды аударғаннан кейін төлем бойынша қандай да болмасын міндеттеме атқармайды. Қызметкер зейнетке шыққан кезде барлық төлемдерді зейнетақы қорлары жүзеге асырады.

(и) Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті дайындау мақсаты үшін ақша қаражатына және олардың баламаларына Ностро шоттарындағы ақша, мерзімдік депозиттер, өтеу мерзімі үш айға дейінгі депозиттер, кассадағы ақша кіреді.

(к) Есеп саясатының өзгеруі

Ұлттық Банк 2007 жылғы 1 қаңтарда ХҚЕС (IAS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қабылдады. Түзетулерді қолдану Ұлттық Банктің қаржы құралдарына қатысты ашылатын ақпараттың көлемін кеңейтуге алып келеді.

(л) Күшіне енгізілмеген жаңа Стандарттар және Түсіндірулер

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға толықтырулар және түсіндірулер 2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданысқа әлі енгізілген жоқ және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған жоқ. Көрсетілген жаңа ендірулердің ішінде төмендегі стандарттар мен түзетулер Банктің қаржы-шаруашылық қызметке әлуетті ықпал етуі мүмкін. Банк көрсетілген стандарттар мен түзетулерді олар қолданысқа енгізілген сәттен бастап қолдана бастауды жоспарлауда. Ұлттық Банк осыған дейін жаңа стандарттардың шоғырландырылған қаржылық есептілік деректеріне болуы мүмкін әсеріне талдау жүргізген жоқ.

2009 жылдың 1 қаңтарынан немесе кешірек басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін қолданысқа енетін 1 «Қаржылық есептілік ұсыну» ХҚЕС (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (редакциямен) кәсіпорынның қаржылық есептілікте меншікті капиталындағы меншікті капитал иеленушілермен операциялардың нәтижесінде туындайтыннан басқа өзгерістерді, сондай-ақ меншікті капиталдағы басқа да өзгерістерді көрсетуі тиіс екендігін айқындайды және қаржылық есептілікте ақпарат ұсынуға қатысты басқа да талаптарды енгізеді.

4 Алтын

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Шетелдік банктердегі депозиттегі алтын	149,762,144	121,158,089
ҚҰБ қоймасындағы құйма алтын	66,161,642	53,629,908
	215,923,786	174,787,997

5 Банктерге және басқа мекемелерге талаптар

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Шетелдік банктерге және басқа мекемелерге талаптар		
Ностро шоттары		
ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	639,293,563	741,926,669
Басқа да шетелдік банктер	510,683	378,441
Сыртқы басқарудағы активтер		
ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	23,275,082	46,579,042
Салымдар		
ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	83,274,960	6,467,819
Шетел валютасындағы операциялар бойынша талаптар		
ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	1,893,059	559,224
ХВҚ ағымдағы шоттары	165,664	160,928
Туынды қаржы құралдары		
ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	-	25,188
Шетелдік банктерге және басқа мекемелерге талаптар жиынтығы	748,413,011	796,097,311
Жергілікті банктерге және басқа мекемелерге талаптар		
Ностро шоттары		
Қазақстандық 10 ірі банк	2,349,160	359,788
Басқа да қазақстандық банктер	96,017	40,712
Салымдар		
Қазақстандық 10 ірі банк	705,671	100,500
Басқа да қазақстандық банктер	103,576	100,664
Заемдар		
Басқа да қазақстандық банктер	72,787,538	-
ҚР Қаржы министрлігіне талаптар	2,672,143	1,492,756
Жергілікті банктерге және сақтандыру компанияларына талаптар	1,162,484	796,885
Туынды қаржы құралдары		
Қазақстандық 10 ірі банк	94,048	-
Жергілікті банктерге және басқа мекемелерге талаптар жиынтығы	79,970,637	2,891,305
	828,383,648	798,988,616

(a) Банктердегі және басқа мекемелердегі шоттарды және депозиттерді шоғырландыру

Ұлттық Банктің 2007 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрқайсысының үлесіне банктердегі және басқа мекемелердегі шоттар және депозиттер бойынша қалдықтардың жиынтық көлемінің 10% астамы келетін екі және бір қарсы әріптесі – тиісінше банктері және басқа мекемелері болды. 2007 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген шоттар және депозиттер бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі тиісінше, 616,712,738 мың теңге және 682,048,468 мың теңге болды.

5 Банктерге және басқа мекемелерге талаптар, жалғасы

(б) Туынды қаржы құралдары

Төменде 2007 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұсталатын туынды қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат ұсынылды:

	2007 ж.			2006 ж.		
	Мәмілелердің шарт бойынша/ шартты сомасы	Әділ құн		Мәмілелердің шарт бойынша/ шартты сомасы	Әділ құн	
Активтер		Міндеттемелер	Активтер		Міндеттемелер	
Шетел валютасындағы туынды қаржы құралдары						
- мерзімдік мәмілелер	-	-	-	38,158,623	25,188	(3,741)
- «своп» операциялары	56,788,576	94,048	-	-	-	-
	56,788,576	94,048	-	38,158,623	25,188	(3,741)

2007 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің шетел валютасымен мерзімдік мәмілелер және «своп» операциялары берешегінің шарттық сомалары, қалған өтеу мерзімдері және шарттық орташа алынған валюталық бағамдары негізгі валюталар бойынша төмендегі кестеде келтірілді:

	2007 ж.			
	Мәмілелердің шарт бойынша/ шартты сомасы	Мәмілелердің орташа алынған валюталық бағамы	Әділ құн	
Активтер			Міндеттемелер	
«Своп» операциялары				
АҚШ долларына теңге сатып алу				
Үш айдан кем мерзімге	56,788,576	120.91	94,048	-
	56,788,576		94,048	-
			2006 ж.	
	Мәмілелердің шарт бойынша/ шартты сомасы	Мәмілелердің орташа алынған валюталық бағамы	Әділ құн	
			Активтер	Міндеттемелер
Мерзімдік мәмілелер				
Теңгеге АҚШ долларын сатып алу				
Үш айдан кем мерзімге	27,305,000	127.42	-	(3,741)
Еуроға АҚШ долларын сатып алу				
Үш айдан кем мерзімге	8,362,645	1.32	19,805	-
Ағылшын фунтына АҚШ долларын сатып алу				
Үш айдан кем мерзімге	2,490,978	1.96	5,383	-
Жиынтығы	38,158,623		25,188	(3,741)

5 Банктерге және басқа мекемелерге талаптар, жалғасы**(в) Құнсыздануға арналған резервтің өзгеруіне талдау**

	2007 ж.	2006 ж.
	мың теңге	мың теңге
Жыл басындағы жағдай бойынша резерв сомасы	-	21,143
Өткен жылдары есептен шығарылған резервті қалпына	5,648	14,407
Жыл ішінде резервті өтеу	(5,648)	(15,766)
Резервті есептен шығару	-	(19,784)
Жыл аяғындағы жағдай бойынша резерв сомасы	-	-

6 Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек

	2007 ж.	2006 ж.
	мың теңге	мың теңге
ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	167,933,720	39,309,550
Басқа да қазақстандық банктер	4,003,617	-
	171,937,337	39,309,550

(а) Қамтамасыз ету

2007 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кері РЕПО мәмілелері бойынша дебиторлық берешек мынадай бағалы қағаздармен қамтамасыз етілді:

	2007	2006
	мың теңге	мың теңге
АҚШ Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	168,165,084	39,314,886
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	4,206,037	-
	172,371,121	39,314,886

7 Сату үшін қолда бар инвестициялар

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
<i>Листингке кіретін борыштық құралдар</i>		
Шетел эмитенттерінің инвестициялары		
АҚШ Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	347,969,052	407,532,854
Халықаралық қаржы ұйымдарының және халықаралық мемлекеттік қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	223,865,276	421,655,351
Жапония Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	66,076,051	105,818,789
Ұлыбритания Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	58,798,608	105,332,254
Германия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	40,652,239	140,923,595
Италия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	33,673,808	39,089,075
Греция Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	25,545,458	8,318,043
Австралия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	22,927,892	54,711,511
Франция Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	20,731,400	61,667,643
Нидерланд Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	16,236,162	8,443,390
Испания Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	13,792,942	25,611,363
Бельгия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	9,386,600	17,476,208
Португалия Үкіметінің Қазынашылық міндеттемелері	8,997,836	16,907,756
Басқалары	60,330,530	8,251,173
Шетелдік эмитенттердің сату үшін қолда бар инвестициялары, барлығы	948,983,854	1,421,739,005
Жергілікті эмитенттердің инвестициялары		
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қазынашылық міндеттемелері	22,692,375	23,113,517
«Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ облигациялары	1,085,541	4,489,517
Жергілікті эмитенттердің сату үшін қолда бар инвестицияларының барлығы	23,777,916	27,603,034
Борыштық құралдар – листингке кірмегендер		
«Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ	500,000	500,000
«Қазақстан қор биржасы» АҚ	22,003	22,003
Баға белгіленбейтін үлестік құралдар жиынтығы	522,003	522,003
	973,283,773	1,449,864,042

2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының және халықаралық мемлекеттік қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары Еуропа Инвестициялық Банкі, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі, Федеральдық Ұлттық Ипотекалық қауымдастығы, Федеральдық Ипотекалық Корпорация, Федеральдық Жеке қарыз алу Банкі, сондай-ақ Германия, Франция, Австралия, Италия мемлекеттік Агенттіктері (2006 жылғы 31 желтоқсан: Федеральдық Ұлттық Ипотекалық қауымдастығы, Федеральдық Ипотекалық Корпорация, Жеке Қарыз алулар Федеральдықө Банкі, сондай-ақ Германия, Францияның мемлекеттік Агенттіктері) шығарған бағалы қағаздарды білдіреді.

7 Сату үшін қолда бар инвестициялар, жалғасы

2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетелдік эмитенттердің басқа да инвестициялары негізінен Германияның, Нидерландтың, Австралияның, Жапонияның (2006 жылғы 31 желтоқсан: Австралияның, Венгрияның, Германияның, Швейцарияның) резиденттері болып табылатын компаниялар шығарған корпоративтік бағалы қағаздарын білдіреді.

2006 және 2007 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша үлестік құралдарға «Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның жай акциялары кіреді, баға белгіленген болып табылмайды.

8 Қауымдасқан компанияларға инвестициялар

2006 және 2007 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық Банктің қауымдасқан компанияларда мынадай инвестициялары болды, олар үлестік қатысу әдісі бойынша есептелген:

Компанияның аты	Занды тұлға тіркелген ел	Негізгі қызмет	Бақыланатын үлес %		2007 ж. Баланстық құны	2006 ж. Баланстық құны
			2007 ж.	2006 ж.		
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	Қазақстан Республикасы	Бағалы қағаздармен операциялар	49.79%	49.79%	341,231	233,916
«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» АҚ	Қазақстан Республикасы	Зерттеулер жүргізу, консультациялық қызмет көрсету	50.00%	-	989,087	-
					1,330,318	233,916

8 Қауымдасқан компанияларға инвестициялар, жалғасы

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 3 қыркүйектегі № 762 қаулысына сәйкес 2007 жылғы қыркүйекте ҚҰБ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» АҚ құрып, оның жарғылық капиталына 1,000,000 мың теңге енгізді

Төменде қауымдасқан компанияларға қатысты жинақталған қаржылық ақпарат келтірілген:

	2007		2006		
	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» АҚ	Жиынтығы	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ	Жиынтығы
мың теңге					
Активтер	698,450	979,932	1,678,382	482,044	482,044
Міндеттемелер	13,167	1,758	14,925	12,279	12,279
Меншік капиталының барлығы	685,283	978,174	1,663,457	469,765	469,765
Жалпы кіріс	353,171	-	353,171	234,031	234,031
1 қаңтардағы бөлінбеген пайда	388,336	-	388,336	258,838	258,838
Кезең ішіндегі таза пайда	218,348	(21,825)	196,523	132,326	132,326
31 желтоқсандағы бөлінбеген пайда	606,684	(21,825)	584,859	391,164	391,164

9 Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер

мың теңге	Жер, үйлер және ғимараттар	Жиһаз және жабдық	Компьютер жабдығы	Көлік құралдары	Аяқталмаған құрылыс	Материалдық емес активтер	Барлығы
Нақты шығындар/Қайта бағаланған құны							
2007 жылғы 1 қаңтарға қалдық	8,775,494	7,177,163	2,062,837	731,675	477,862	1,852,888	21,077,919
Түсімдер	176,630	810,102	181,410	9,106	737,787	221,866	2,136,901
Қайта бағалау	11,978,958	-	-	-	-	-	11,978,958
Шығынға жазу	(1,759,581)	(273,732)	(210,644)	(4,754)	(245,254)	(391,300)	(2,885,265)
Аударымдар	-	6,939	86,441	-	(150,975)	57,595	-
2007 жылғы 31 желтоқсанға	19,171,501	7,720,472	2,120,044	736,027	819,420	1,741,049	32,308,513
Амортизация							
2007 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	1,790,884	2,972,330	1,362,101	358,654	-	1,292,558	7,776,527
Есептелген амортизация	359,485	714,706	261,619	115,256	-	368,776	1,819,842
Шығынға жазу	(1,749,024)	(157,547)	(143,032)	(3,491)	-	(378,275)	(2,431,369)
Аударымдар	-	-	-	-	-	-	-
2007 жылғы 31 желтоқсанға	401,345	3,529,489	1,480,688	470,419	-	1,283,059	7,165,000
Баланстық құны							
2007 жылғы 31 желтоқсанға	18,770,156	4,190,983	639,356	265,608	819,420	457,990	25,143,513
2006 жылғы 31 желтоқсанға	6,984,610	4,204,833	700,736	373,021	477,862	560,330	13,301,392

9 Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер, жалғасы

мың теңге	Жер, үйлер және ғимараттар	Жиһаз және жабдық	Компьютер жабдығы	Көлік құралдары	Аяқталмаған құрылыс	Материалдық емес активтер	Барлығы
Нақты шығындар/Қайта бағаланған құны							
2006 жылғы 1 қаңтарға қалдық	8,731,746	6,752,747	1,880,287	745,987	104,189	1,731,101	19,946,057
Түсімдер	54,154	562,645	169,203	25,319	625,718	246,778	1,683,817
Шығынға жазу	(10,406)	(147,888)	(58,516)	(39,631)	(120,549)	(174,965)	(551,955)
Аударымдар	-	9,659	71,863	-	(131,496)	49,974	-
2006 жылғы 31 желтоқсанға	8,775,494	7,177,163	2,062,837	731,675	477,862	1,852,888	21,077,919
Амортизация							
2006 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	1,444,711	2,368,188	1,118,416	276,600	-	1,108,673	6,316,588
Есептелген амортизация	356,410	658,191	288,279	119,556	-	337,069	1,759,505
Шығынға жазу	(10,237)	(54,049)	(44,594)	(37,502)	-	(153,184)	(299,566)
Аударымдар	-	-	-	-	-	-	-
2006 жылғы 31 желтоқсанға	1,790,884	2,972,330	1,362,101	358,654	-	1,292,558	7,776,527
Баланстық құны							
2006 жылғы 31 желтоқсанға	6,984,610	4,204,833	700,736	373,021	477,862	560,330	13,301,392
2005 жылғы 31 желтоқсанға	7,287,035	4,384,559	761,871	469,387	104,189	622,428	13,629,469

Активтердің құнын қайта бағалау

2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үйлер мен ғимараттардың құнын басшылық «Компания KBS Advisors» ЖШС жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижесі негізінде қайта бағалады.

Нарықтық әдіс активтерді қайта бағалау үшін негіз болды. Шығындық әдіс нарықтық әдісті пайдалану нәтижелерінің негізділік дәрежесін бағалау үшін қолданылды. Нарықтық әдіс ұқсас үйлерді және ғимараттарды салыстырмалы сату нәтижелерін талдауға негізделді.

Егер үйлердің құнын қайта бағалау жүзеге асырылмаған болса, олардың 2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 4,621,000 мың теңге болған болар еді (2006 жылғы 31 желтоқсан: 4,814,411 мың теңге).

10 Басқа да активтер

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Тауар-материалдық қорлар	2,478,132	2,460,679
Сауда дебиторлық берешек	1,795,923	1,494,659
Алу үшін есептелген кіріс	425,818	94,849
Алдын ала ақы	7,567	42,276
Басқалары	268,453	207,407
	4,975,893	4,299,870
Құнсыздануға арналған резервті шегеріп тастағанда	(18,668)	(22,059)
	4,957,225	4,277,811

Құнсыздануға арналған резервтің өзгеруіне талдау

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Жылдың басындағы жағдай бойынша резерв сомасы	22,059	25,482
Жыл ішінде резервті таза құру	3,146	61,449
Есептен шығару	(6,537)	(64,872)
Жылдың аяғындағы резерв сомасы	18,668	22,059

11 Айналыстағы ақша

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Айналыстағы банкноталар мен монеталар	860,927,452	688,125,193
Кассадағы және резервтік қорлардағы банкноталар мен монеталарды шегеріп тастағанда	(938,301)	(774,457)
	859,989,151	687,350,736

12 Банктердің және басқа мекемелердің талаптары

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Шетелдік банктердің және басқа мекемелердің талаптары		
Шетел валютасымен операциялар бойынша талаптар		
ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің банктері	2,198,516	2,983,345
Заемдар		
Басқа да шетелдік банктер	228,897	241,645
Халықаралық қаржы ұйымдарының шоттары	87,048	87,965
Шетелдік банктер және басқа мекемелер талаптарының жиынтығы	2,514,461	3,312,955
Жергілікті банктердің және басқа мекемелердің талаптары		
Лоро шоттары		
Қазақстанның 10 ірі банкі	450,889,917	607,914,151
Қазақстанның басқа да банктері	134,698,602	72,529,306
Салымдар		
Қазақстанның 10 ірі банкі	-	73,536,562
Қазақстанның басқа да банктері	27,388,808	64,991,291
Туынды қаржы құралдары		
Қазақстанның басқа мекемелері	-	3,741
Жергілікті банктер және басқа мекемелер талаптарының жиынтығы	612,977,327	818,975,051
	615,491,788	822,288,006

Банктердің және басқа мекемелердің талаптарын шоғырландыру

2007 жылғы 31 желтоқсандағы және 2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің тиісінше екі және бір контрагент – банкі және басқа институттары болды, тиісінше олардың әрқайсының үлесіне банктердің және басқа институттардың шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтардың жалпы көлемінің 10% астамы келді. Көрсетілген шоттар мен депозиттер бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі 2007 жылғы 31 желтоқсандағы және 2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісінше 243,359,138 мың теңге және 172,563,225 мың теңге болды.

13 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Ұлттық валютадағы	208,739,409	63,615,673
Шетел валютасындағы	12,388,237	1,302,099
	221,127,646	64,917,772

2007 және 2006 жылдары Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен міндеттемелері Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚҰБ-дағы депозиттерін қоспағанда, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылмайды.

14 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары

	<u>2007 ж. мың теңге</u>	<u>2006 ж. мың теңге</u>
Ұлттық валютадағы	71,514,981	211,962,056
Шетел валютасындағы	-	1,466,399
	<u>71,514,981</u>	<u>213,428,455</u>

15 Кепілдік беру қорларының резервтері

	<u>2007 ж. мың теңге</u>	<u>2006 ж. мың теңге</u>
Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры	8,937,750	10,949,783
Сакандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры	441,000	289,559
	<u>9,378,750</u>	<u>11,239,342</u>

16 Клиенттердің шоттары

	<u>2007 ж. мың теңге</u>	<u>2006 ж. мың теңге</u>
Ұлттық валютадағы	1,416,542	365,172
Шетел валютасындағы	84,234	7,898
	<u>1,500,776</u>	<u>373,070</u>

17 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

	<u>2007 ж. мың теңге</u>	<u>2006 ж. мың теңге</u>
ҚҰБ ноталары	223,745,527	528,012,690
Дисконтты шегеріп тастағанда	(2,481,945)	(1,137,466)
	<u>221,263,582</u>	<u>526,875,224</u>

2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар шығарылымдарының мынадай құрылымы болды.

Эмиссия	Баланстық құны	Шығарыл- ған күні	Өтеу күні	Тиімді пайыздық ставка
KZW1KM120825	77,541,746	11.05.2007	08.05.2008	6.50
KZW1KM120957	10,211,096	10.08.2007	08.08.2008	7.77
KZW1KD281122	12,875,451	07.12.2007	04.01.2008	5.64
KZW1KD281130	15,458,680	14.12.2007	11.01.2008	5.64
KZW1KD281148	62,889,704	21.12.2007	18.01.2008	5.64
KZW1KD281155	42,286,905	28.12.2007	25.01.2008	5.64
Жиынтығы	<u>221,263,582</u>			

17 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2006 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар шығарылымдарының мынадай құрылымы болды.

Эмиссия	Шығарыл-		Тіімді пайыздық	
	Баланстық құны	ған күні	Өтеу күні	ставка
KZW1KD280587	108,956,757	08.12.2006	05.01.2007	4.58
KZW1KD280595	70,754,319	15.12.2006	12.01.2007	4.58
KZW1KD280603	124,176,052	22.12.2006	19.01.2007	4.58
KZW1KD280611	20,344,227	26.12.2006	23.01.2007	4.71
KZW1KD280629	156,341,817	28.12.2006	25.01.2007	4.84
KZW1KD280637	46,302,052	29.12.2006	26.01.2007	4.84
Жиынтығы	526,875,224			

18 Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылған, алайда ҚҰБ еншілес ұйымдары корпоративтік табыс салығының төлеушілері болып табылады.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілік мақсатындағы активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны мен салық мақсатында пайдаланылатын сомалардың арасындағы уақыт айырмашылықтары 2007 және 2006 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің туындауына әкеледі. Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген. Көрсетілген болашақ салық жеңілдіктері оларды алуға байланысты айқындалмаушылық салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмеген.

Осындай аяқталу мерзімі жоқ уақыт айырмашылықтары жинақталған құны бойынша төменде берілген, оларға қатысты салықтардың ықпалы бар:

	Активтер		Міндеттемелер		Нетто	
	2007 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2006 ж.
мың теңге						
Негізгі құрал-жабдықтар	-	-	450,917	318,967	450,917	318,967
Материалдық емес активтер	(21,014)	-	-	9,320	(21,014)	9,320
Басқа да міндеттемелер	(32,904)	(15,484)	-	-	(32,904)	(15,484)
Мерзімі кейінге қалдырылған (активтердің)/міндеттемелердің жиынтығы	(53,918)	(15,484)	450,917	328,287	396,999	312,803

Мерзімі өткен салықтарға қолданылатын салық ставкасы 30% (2006: 30%) болды.

Жоғарыда аталған, шегеруге жататын уақыт айырмашылықтарын пайдалану мерзімі қолданылып жүрген салық заңнамасымен шектелмейді.

18 Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі, жалғасы**Жыл ішіндегі уақыт айырмашылықтарының қозғалысы**

мың теңге	2007 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	Шығыстармен танылғаны	2007 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо
Негізгі құрал-жабдықтар	318,967	131,950	450,917
Материалдық емес активтер	9,320	(30,334)	(21,014)
Басқа да міндеттемелер	(15,484)	(17,420)	(32,904)
	312,803	84,196	396,999

мың теңге	2006 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	Шығыстармен танылғаны	2006 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо
Негізгі құрал-жабдықтар	235,151	83,816	318,967
Материалдық емес активтер	5,163	4,157	9,320
Басқа да міндеттемелер	(7,590)	(7,894)	(15,484)
	232,724	80,079	312,803

19 Басқа да міндеттемелер

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Сауда кредиторлық берешек	1,223,050	1,433,913
Қызметкерлермен есеп айырысулар	1,272,204	578,347
Басқалары	105,700	195,214
	2,600,954	2,207,474

20 Жарғылық және резервтік капиталдар

Ұлттық Банктің жарғылық капиталын қалыптастыру өзгерістері және толықтыруларын қоса алғанда Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 наурыздағы Жарлығымен реттеледі. Жарлыққа 2000 жылғы 18 желтоқсанда енгізілген өзгерістерге сәйкес олар алған таза кірістен аударымдардың, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінетін қаражаттың есебінен қалыптастырылған жарғылық капитал 20,000,000 мың теңге болуы тиіс. Ұлттық Банктің жарғылық капиталы 2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 20,000,000 мың теңге болды.

«Ұлттық Банк туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚҰБ резервтік капиталды өзінің жарғылық капиталы мөлшерінде қалыптастырады. 2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша резервтік капитал тиісінше 48,774,701 және 11,325,781 мың теңге болды. Белгілі бір активтер көлемінің 0.5% мөлшеріндегі бөлінбеген пайдадан жыл сайынғы аударымдар есебінен жалпы банктік тәуекелдерді өтеуге арналған резерв қалыптастырылады. Бұл резервтер бөлінбейді.

21 Таза пайыздық кіріс

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Пайыздық кірістер		
Сату үшін қолда бар инвестициялар	71,987,235	45,731,317
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	19,200,340	9,162,395
Кері РЕПО мәмілелері	4,758,448	2,949,357
Басқалары	16,271	16,557
	95,962,294	57,859,626
Пайыздық шығыстар		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(33,995,353)	(9,357,820)
Банктердің және басқа мекемелердің талаптары	(4,117,964)	(6,419,568)
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салымдары	(293,197)	(1,096,457)
РЕПО мәмілелері	(1,964,028)	(463,993)
	(40,370,542)	(17,337,838)
	55,591,752	40,521,788

22 Комиссиялық кірістер және шығыстар

	2007 ж. мың теңге	2006 г мың теңге
Комиссиялық кірістер		
Зейнетақы активтерін басқарудан түскен кіріс	3,095,222	3,458,767
Кастодиандық және сенімгерлік қызмет бойынша кірістер	928,327	569,416
Аударым операцияларынан түскен кіріс	346,912	465,513
	4,370,461	4,493,696
Комиссиялық шығыстар		
Кастодиандық қызмет бойынша комиссиялық шығыстар	(149,189)	(129,262)
Шетел валютасымен, бағалы қағаздармен және биржамен операциялар бойынша комиссиялық шығыстар	(138,845)	(33,103)
Сенімгерлік қызмет бойынша комиссиялық шығыстар	(31,643)	(225,047)
Басқа да комиссиялар	(660)	(635)
	(320,337)	(388,047)
	4,050,124	4,105,649

Зейнетақы активтерін басқарудан түскен комиссиялық кіріске «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – «ЖЗҚ») негізгі қызметінен түскен кіріс қосылады.

Кастодиандық және сенімгерлік қызмет бойынша комиссиялық кірістер Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, «Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік корпорация» АҚ, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ және басқа ұйымдардың активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтен түскен кірістерді қамтиды. ҚҰБ жоғарыда аталған ұйымдардың активтерін басқарады, не клиенттің нұсқаулықтарына сәйкес түрлі қаржы құралдарына алынған қаражатты инвестициялайды.

Аударым операцияларынан түскен кіріске «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК-ның банкаралық төлемдерден, ақша аударымынан және клирингтен түскен кірістері жатады.

23 Сату үшін қолда бар инвестициялармен, шетел валютасымен және алтынмен операциялар бойынша таза іске асырылған (зиян)/кіріс

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Шетел валютасымен операциялар	8,251,608	5,905,501
Тазартылған қымбат металдармен операциялар	(247,716)	(69,815)
Сату үшін қолда бар инвестициялармен операциялар	(9,149,247)	(1,464,170)
	(1,145,355)	4,371,516

24 Басқа да кірістер

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Баспа өнімін сатудан түскен кірістер	792,922	440,715
Коллекциялық монеталарды сатудан түскен кірістер	300,933	178,755
Медальдарды, белгілерді, зергерлік бұйымдарды сатудан түскен кірістер	133,517	93,651
Негізгі құрал-жабдықтарды жалға алудан кірістер	107,470	36,987
Автокөлік қызметінен түскен кірістер	100,026	-
Сұйық алтынды түйіршікке қайта өңдеуден кірістер	34,429	-
Инкассаторлық қызметтен кірістер	19,235	17,410
Актuarлық қызмет бойынша кірістер	14,828	3,258
Айыппұл және өсімпұл түріндегі кірістер	14,121	8,465
Басқа да кірістер	105,413	3,270
	1,622,894	782,511

25 Банкноталар мен монеталар шығару бойынша шығыстар

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Банкноталар дайындау бойынша шығыстар	2,937,372	4,479,575
Монеталар дайындау бойынша шығыстар	1,522,128	1,146,449
Басқа шығыстар	69,317	64,682
	4,528,817	5,690,706

26 Басқа ұйымдарды қаржыландыру

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
ҚҚА қаржыландыру	2,080,540	1,493,033
Т.Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университетінің жанындағы Магистратураны қаржыландыру	65,980	81,848
	2,146,520	1,574,881

«Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474 Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1270 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігін (бұдан әрі - ҚҚА) қаржыландыру ҚҰБ бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

27 Қызметкерлердің жалақысы және басқа төлемдер

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Жалақы	3,100,145	2,378,923
Сыйлықақылар	2,525,365	1,140,911
Әлеуметтік салық	668,608	443,161
Оқыту	90,528	81,502
Басқалары	477,826	346,559
	6,862,472	4,391,056

28 Әкімшілік шығыстар

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Салықтар, табыс салығын қоспағанда	581,853	623,326
Ақпараттық және басқа да қызмет көрсету	477,620	337,706
Байланыс шығыстары	350,451	300,733
Материалдар	339,469	216,310
Негізгі құрал-жабдықтарды жөндеу және ұстау	216,899	178,829
Күзет	182,091	183,072
Іссапар шығыстары	108,465	105,837
Жарнама, хабарландыру және БАҚ-ғы мақала, сөйлеу шығыстар	95,684	114,461
Коммуналдық төлемдер	83,629	42,774
Жалдау шығыстары	68,519	64,191
Өкілдік шығыстар	58,682	52,009
Мүлікті өтеусіз беру	38,277	27,272
Негізгі құрал-жабдықтарды сақтандыру	4,816	5,107
Басқалары	279,918	232,093
	2,886,373	2,483,720

29 Құнсызданудан болған (резервті қалпына келтіру)/зиян

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Құнсызданудан болған зиян		
Басқа да активтер	3,146	61,449
Құнсызданудан болған зиянды қалпына келтіру		
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	(5,648)	(15,766)
	(2,502)	45,683

30 Еншілес ұйымның шығуынан болған зиян

2007 жылғы 1 қазанда ҚҰБ «Ұлттық процессинг орталығы» акционерлік қоғамының жарғылық капиталының 66,9% мөлшерінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі акциялар пакетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы республиканың меншігіне өтеусіз берді. Еншілес ұйымның таза зиянының мөлшері 52,785 мың теңге болады. Оның шығуынан болған зиян 447,532 мың теңге болды.

Еншілес компанияның шығуының Ұлттық Банктің активтері мен міндеттемелеріне шығу күнгі жағдай бойынша мынадай әсері болды:

мың теңге	ҰПО АҚ-ның шығу күнгі баланстық құны
Активтер	
Ақша қаражаты	4,775
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	150,000
Сату үшін қолда бар инвестициялар	334,127
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	116,795
Төлеуге табыс салығы	107
Басқа да активтер	61,252
Міндеттемелер	
Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(2,081)
Басқа да міндеттемелер	(14,545)
Сәйкестендірілетін таза активтер және міндеттемелер	650,430
Алынған өтеу	-
Шығынға жазылған ақша қаражаты	(4,775)
Ақша қаражатының таза шығынға жазылуы	(4,775)

31 Табыс салығы бойынша шығыстар

	2007 ж. мың теңге	2006 ж. мың теңге
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар		
Ағымдағы салық кезеңі	1,164,674	1,356,654
Өткен есепті кезеңдердегі кем төлеу (артық төлеу)	14,776	(86,250)
	1,179,450	1,270,404
Мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар		
Уақыт айырмашылықтардың туындауы және қалпына келтіру	84,196	80,079
	1,263,646	1,350,483

ҚҰБ еншілес ұйымдарының ағымдағы және мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша қолданылып жүрген салық ставкасы – 30% (2006 жыл: 30%).

Пайдаға салынған салық бойынша тиімді ставканы есептеу:

	2007 ж. мың теңге	%	2006 ж. мың теңге	%
Еншілес ұйымдардың салық салынғанға дейінгі пайдасы	4,605,218	100%	5,088,140	100%
Қолданылып жүрген салық ставкасы бойынша есептелген табыс салығы	1,381,565	30.00%	1,526,442	30.00%
Шегеруге жатпайтын шығыстар/(салық салынбайтын кіріс)	(132,695)	(2.88%)	(89,709)	(1.76%)
Өткен есепті кезеңдердегі кем төлеу (артық төлеу)	14,776	0.32%	(86,250)	(1.70%)
	1,263,646	27.44%	1,350,483	26.54%

32 Байланысты тараптармен операциялар

Ұлттық Банктің байланысты тараптар болып табылатын компаниялармен және ұйымдармен мәмілелердің өтелмеген қалдықтары және нәтижелері 2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы жағдай бойынша мынадай түрде берілген:

мың теңге	2007 ж.			2006 ж.		
	Қауымдасқан компаниялар	Басқа да мемлекеттік мекемелер	Қаржылық есептіліктің баптарына сәйкес санаттар бойынша жиынтығы	Қауымдасқан компаниялар	Басқа да мемлекеттік мекемелер	Қаржылық есептіліктің баптарына сәйкес санаттар бойынша жиынтығы
Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс						
Активтер						
Банктерге және басқа мекемелерге талаптар	-	2,672,143	828,383,648	-	-	798,988,616
Сату үшін қолда бар инвестициялар	-	24,299,919	973,283,773	-	28,125,037	1,449,864,042
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	1,330,318	-	1,330,318	233,916	-	233,916
Басқа да активтер	827	467,591	4,957,225	3,782	1,841,645	4,277,811
Міндеттемелер						
Банктердің және басқа да мекемелердің талаптары	7,192,974	38,197,734	615,491,788	12,431,170	31,096,683	822,288,006
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шоттары	-	221,127,646	221,127,646	-	64,917,772	64,917,772
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шоттары	-	71,514,981	71,514,981	-	213,428,455	213,428,455
Клиенттердің шоттары	16,857	1,241,077	1,500,776	33,442	64,106	373,070
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	33,273,994	221,263,582	7,036	13,367,607	526,875,224
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	396,999	396,999	-	312,803	312,803
Басқа да міндеттемелер	3,179	564,868	2,600,954	2,433	1,762,930	2,207,474
Пайдалармен зияндар туралы шоғырландырылған есеп						
Пайыздық кірістер	-	1,586,979	95,962,294	-	583,689	57,859,626
Пайыздық шығыстар	-	(310,442)	(40,370,542)	(281)	(1,715,770)	(17,337,838)
Комиссиялық кірістер	25,609	1,326,170	4,370,461	20,215	960,076	4,493,696
Комиссиялық шығыстар	(43,748)	(36,752)	(320,337)	(30,582)	(190,824)	(388,047)
Сату үшін қолда бар инвестициялармен, шетел валютасымен және алтынмен операциялардан таза іске асырылған (зиян)/кіріс	2,579,440	(544,786)	(1,145,355)	-	-	4,371,516
Қауымдасқан компаниялардан түскен кіріс	96,403	-	96,403	209,716	-	209,716
Басқа да кірістер	24,201	330,849	1,622,894	20,043	756,165	782,511
Банкноталар мен монеталар шығару бойынша шығыстар	-	(42,503)	(4,528,817)	-	(42,243)	(5,690,706)
Басқа ұйымдарды қаржыландыру	-	(2,146,520)	(2,146,520)	-	(1,574,881)	(1,574,881)
Қызметкерлердің жалақысы және басқа төлемдері	-	(673,462)	(6,862,472)	-	(443,161)	(4,391,056)
Әкімшілік шығыстар	4,597	(805,060)	(2,886,373)	(23)	(973,435)	(2,483,720)
Еншілес ұйымның шығуынан болған зиян	-	(447,532)	(447,532)	-	-	-
Табыс салығы бойынша шығыстар	-	(1,263,646)	(1,263,646)	-	(1,350,483)	(1,350,483)

Ұлттық Банктің Басқармасы және Директорлар кеңесі мүшелерінің 2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы жиынтық сыйақысы тиісінше, 260,127 мың теңге және 180,250 мың теңге болды. Сыйақыға жалақы және бонустар кірген.

33 Тәуекелдерді басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару Ұлттық Банктің қызметінде маңызды роль атқарады және оның қызметін жүзеге асыруда маңызды элемент болып табылады. Баға тәуекелін, пайыздық ставканың өзгеру тәуекелін және валюта тәуекелін, сондай-ақ кредит тәуекелін және өтімділік тәуекелін қамтитын нарық тәуекелі Ұлттық Банк өзінің қызметін жүзеге асыру барысында кездесетін тәуекелдер болып табылады.

Ұлттық Банктің тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Ұлттық Банк өз қызметінде ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимитін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдің деңгейін және оның белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты түрде бағалап отыруға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат және рәсімдер нарық ахуалының, ұсынылатын тауарлар мен қызмет көрсетулердің өгерістерін және пайда болған үздік тәжірибелерді көрсету мақсатында тұрақты негізде қаралып отырады.

Ұлттық Банктің инвестициялық комитеті тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және рәсімдерді мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауап береді.

Директорлар кеңесі, комитеттер мен комиссиялар және тиісті жұмыс топтары тұрақты негізде Ұлттық Банктің монетарлық, инвестициялық және валюталық саясатына байланысты мәселелерді қарайды және операциялар көлемінің лимиттерін, сондай-ақ ҚҰБ контрагенттерін бағалау жөніндегі талаптарды белгілейді.

ҚҰБ Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы қаулысымен бекітілген ҚҰБ алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияға («Инвестициялық стратегия») сәйкес, Инвестициялық стратегияның негізгі мақсаты өтімділікті қамтамасыз ету және активтерді сақтау, сатып алыну күшін сақтау, сондай-ақ кірістілікті ұлғайту болып табылады.

Осы мақсаттарға сәйкес ҚҰБ алтын-валюта активтері өтімділік портфелінен, валюта активтерінің инвестициялық портфелінен, абсолютті кірістілік портфелінен және алтын портфелінен тұрады.

ҚҰБ еншілес ұйымдарының қызметі бірқатар тәуекелдердің ықпалына ұшырайды, олардың ішіндегі ең маңыздысы нарық тәуекелі болып табылады. Еншілес компанияларда тәуекелдерді басқару рәсімдері ішкі нұсқаулықтармен реттеледі және олардың орындалуын еншілес компанияның директорлар кеңесі мен ішкі бақылау бөлімдерін қосқанда, түрлі органдар қадағалайды.

(a) Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі дегеніміз нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан шетел валюталарын айырбастау бағамдарын, пайыздық ставкаларды, кредит спрэдтерін және акциялардың бағаларын қоса алғанда, Ұлттық Банк кірісінің немесе оның портфельдері құнының өзгеру тәуекелі. Нарық тәуекелі валюта тәуекелінен, пайыздық тәуекелден, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарық тәуекелі нарықтағы жалпы және соған тән өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейі өзгерістерінің ықпалына ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарық тәуекелін басқарудың мақсаты қабылданған тәуекелден алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, нарық тәуекеліне ұшырауды қолданылатын өлшемдердің аясынан аспайтындай етіп басқару және бақылау болып табылады.

33 Тәуекелдерді басқару саясаты, жалғасы

(a) Нарық тәуекелі, жалғасы

Нарық тәуекелі негізінен ашық (барлық) позицияларды тұрақты түрде бағалау рәсімін жүргізу арқылы басқарылады. Бұдан басқа, Ұлттық Банк қаржы құралдары бойынша ашық позицияларға, пайыздық ставкаларға, өтеу мерзімдеріне, валюта позицияларына және зиянға қойылатын шектеулерге белгіленген лимиттерді үнемі қадағалап отырады.

Ұлттық Банк Tracking Error әдіснамасын пайдаланады.

Tracking Error көрсеткіші инвестордың бағалы қағаздарының ағымдағы портфелі көрсеткіштерінің эталондық портфель көрсеткіштерінен қаншалықты ерекшеленетінін көрсетеді. Инвестициялық стратегияға сәйкес 2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдары Tracking Error көрсеткішінің лимиті 2% құрады.

Tracking Error әдіснамасын инвестор портфельді оның эталондық портфелімен салыстыра отырып басқарған жағдайда ғана қолдануға болады.

2007 және 2006 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша АВА инвестициялық портфелінің эталондық портфелі мыналардан тұратын келесі композиттік индекс болып табылады:

- Merrill Lynch United States Treasuries 1-5 жыл - 45%;
- Merrill Lynch European Economic and Monetary Union Direct Governments 1-5 жыл - 30%;
- Merrill Lynch United Kingdom Gilts 1-5 жыл - 10%;
- Merrill Lynch Japanese Treasuries 1-5 жыл - 10%;
- Merrill Lynch Australian Treasuries 1-5 жыл - 5%.

(i) Пайыздық ставка тәуекелі

Пайыздық ставкалар өзгерісінің тәуекелі дегеніміз пайыздық ставкалардың өзгеруі салдарынан Ұлттық Банк кірісінің немесе оның қаржы құралдарының портфельдері құнының өзгеру тәуекелі.

Ұлттық Банк басымдыққа ие нарықтық пайыздық ставкалар ауытқуларының оның қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағындарына тигізетін ықпалына ұшырайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін ұлғайтуы, алайда, оны төмендетуі де мүмкін не пайыздық ставкалардың күтпеген өзгерісі жағдайында зияндардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін.

Пайыздық ставкалар өзгерісінің тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімі бар қолдағы немесе болжанатын активтер шамасы бойынша осындай өтеу мерзімі бар қолдағы немесе болжанатын активтерден көбірек немесе азырақ болған жағдайларда туындайды.

